

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

гетеросексистскую аргументацию, поскольку скрытым или непредумышленным образом он устанавливает гетеросексуальную идентификацию в качестве нормы. Согласно такой критике, в этой модели нет места для лесбийской (или гомосексуальной) идентификации, на что Малви ответила статьей, в которой подчеркнула «перверсивную» идентификацию с мужским взглядом как возможную субъектную позицию для женщины [2, 198].

Итак, ключевой вопрос истории кино: как фильмы воздействуют на зрителей и как зрители воздействуют на фильмы? Исследователями Эльзессером и Хагенером кинематограф воспринимается через призму человеческого тела. Мы рассмотрели один аспект их концепции, а именно, кино как глаз. Эта концепция интересна тем, что позволяет выстраивать теории кино вокруг отношений между миром кино и миром зрителя, то есть наш глаз становится более чем просто орган зрения.

Список использованных источников

1. Делёз Ж. Кино.- М.: Ад Маргинем Пресс, 2012.- 560с.
- 2.Т. Эльзессер, М. Хагенер.Теория кино. Глаз, эмоции, тело.- СПб.: Сеанс,2016.- 440 с.
- 3.Лакан Ж. “Я”в теории Фрейда и в технике психоанализа. Пер. с фр./А Черноглазова. М.: Издательство “Гнозис”, Издательство “Логос”. 2009. – 520 с.

УДК: 140.8

«МӘНГІЛІК ЕЛ» БОЛУДАҒЫ ЕЛДІК САНА ӨЛШЕМДЕРІ

Муратбева Айнур Кайратовна

muratbaevaai@mail.ru

«Философия және этика» ББ 2 курс студенті
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші -Тұрсынбаева А.Ө.

Әр қоғамның ұлттық идеясы, ұлттың бірігуі жайлы өз түсінігі бар. Мұратсыз ұлттың ұлт болып қалыптасуы да, сақталып қалуы да мүмкін емес. Ұлттық идея халықты біріктіретін, бір мақсатқа жұмылдыратын, тұтастыққа негізделген, қоғам дамуында шешуші рөлге ие қозғаушы күшке айналады, ал онда қоғам дамуының бүгінгі, ертеңгі болашағы көрініс табады.

Қазақ жері де, елі де сонау Асан Сәбитұлының Жерұйығынан бастап бертін келе алты Алаштың ұл-қыздары ұмтылған Алаш ордасынан бүгінгі сан ғасырлар бойы армандаған, әлемге ыстық қуанышпен паш ете алатын тәуелсіз Қазақ елі мемлекеттілігіне қол жеткізгелі бері, міне ширек ғасырға таяп қалды. Бұл жолда Қазақ елі қаншама ғасыр заңғарларын бастан кешірді. Қаншама әкенің қаны мен ананың сүті жерге төгілді. Оған ұлт тарихымыз куә.

Ең бастысы Тәуелсіздікке қол жеткіздік. Елді жетелеп, шыңға жеткізер Елбасымызды таңдадық. Тәуелсіздікті асқақтадық. Мемлекетімізді түзеттік. Туымыз көкте желбіреді, әнұранымыз шырқалды, елтаңбамыз мәңгілікке тарих бетіне таңбаланды. Шекарамыз бекіді. Еңселі елордамыз - Астана бой көтерді. Бір сөзбен айтқанда, қазақ халқы тәуелсіздікті құттылыққа балады. Бір бақытқа кенелдік. Осы жетістіктерге көз жүгіртіп, қазақ халқы мәңгілікке жаралғандығын бірден аңғаруға болады. «Мың өліп, мың тірілдік» деген осы. Мәңгіліктің табиғаты қазақ халқының болмысына біткен десек те жарасар.

Тәуелсіздіктің басты ұғымы - Мемлекет. Себебі, тәуелсіздік дегеніміздің өзі этностың ұлттық мемлекет құру туралы қиялынан, арманынан, мақсатынан, мұрат биігінен туындайтын - дүниетаным. Осылай болғандықтан тәуелсіздіктің нақтылы саяси жетістігі, биігі - ұлттық мемлекет. Саяси билікке қолы жетпеген халықта тәуелсіздік туралы арман ғана болар еді.

Тәуелсіздікке жеткен халық, ұлт өз мемлекеттілігінің іргетасын құрудан бастап, өзін жаңа сапа биігіне көтере бастамақ.[1].

Тәуелсіздік алып, егеменді ел болу – бұл құтты қадамның бастамасы іспеттес. Болашаққа нық сеніммен қадам басқан егеменді Қазақ елінің шығатын шыңы мен алатын асулары әлі алда. Қысқа уақыттың ішінде – ақ, ел нақты міндеттер мен бағыт - бағдарларды түзеп, білек сыбана кірісіп кетті. Осындай қысқа мерзімнің ішінде қыруар игі істердің атқарылуы Тәуелсіздіктің бастауында болған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың рөлін ерекше атап өтерлік. Еліміздің егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуы жолындағы басты мақсаты да, арманы да құтты қоғам құру еді. Өйткені, кемелденген құтты қоғам ғана мәңгілік елге жетелейді.

Жас ғалым С.Ж.Сапарғалиева: «Тарихымызды, мәдениетімізді қайта жаңғырту, өткенге жаңаша көзқараспен қарау, жаңа мыңжылдыққа ұлы көшпен қатар қадам басқан еліміздің рухани жаңаруы, өркениеттік бағдары ұлттық идея болып табылады. Демек, қандай да бір қиындық пен құлдыраудан кейін халық басын біріктіріп, ұйытқы болатын мүдде-дәл осы ұлттық идея» деген болатын. [2].

Н.А. Бердяев: елдік сана-сезім өткенді қалпына келтіретін, тарихтың барлығын сақтайтын орасан күшін білдіретін түбірі тереңге кететін сана-сезім дейді. «Елдік тұтастықты сезіну ғана ұлттық сана-сезімді айғақтай алады. Ғарифолла Есім пікірі бойынша, бар қазақ – бір қазақ болуы шарт. Абайдың «біріңе қазақ, бірің дос, болмасаң істің бәрі бос» деген ойы осы идеяны меңзейді. Этноста өткен ұрпақ бүгінгі ұрпақтан еш кем емес өмір сүреді, олай болса, біздің ата мен әже, ата-бабаларымызды, бүгінгі біз, ертеңгі келер ұрпақтар тірі, жанды күйінде қабылдайды. Осы тұста Ғарифолла Есімнің «Менің датым – сананы тәуелсіз ету...» атты сұхбатында «Қазақ елі – мәңгілік» деген мәселеге байланысты 7 айқындама айтады [3]. Соның жетінші айқындамасы жақсы қазақ деген сөз. Жақсы қазақ деген ол кім? Жақсы қазақтың ниеті таза болуы керек. Отанына, атамекеніне, тіліне, тарихына таза болуы керек. Сөзі жақсы, ісі нәтижелі болуы керек. Әрекет деген шайтандық іс, жақсы қазақтың ісі – қарекет. Міне, жақсы қазақ осындай. Жақсы қазақтың бойында генетикалық код бар. Қазақ айтады, қарға тамырлы қазақ деп. Қарға деген ұзақ өмір сүретін құс. Яғни, қазақтың да тарихы тереңде деген сөз. Екінші генетикалық код ол – бар қазақ – бір қазақ. Мысалы, Аяғөз бен Орал облысының арасы шеткі аудандар деп есептегенде 3 000 км. Сол жерде қазақтың тілі де, діні де, жақсылығы да, кемшілігі де бәрі бір. Яғни, бар қазақ – бір қазақ. Үшіншісі, қазақтың ешқашан да еншісі бөлінбеген. Әр қазақтың өзінің сыбағасы, еншісі бар. Қазақтың қонақжайлығы деген осыған сүйенеді. Төртіншісі, ол Жерұйық идеясы. Атамекен, қазақ елі – Жерұйық. Осының бәрін түсінген адам – жақсы қазақ. Жақсы қазақ өз ұлтының рухани мұрасын сүйетін болуы керек. Мәселен, Қорқыт бабадан бастап, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Йүгники, Қожа Ахмет Йассауи, Абай, Шәкәрім, Мұхтарды жалғастыра отырып, бүгінгі күні ұлттық мүдде үшін жанын беріп қарекет етуші зиялыларымызды танып білу аз, олардың игі істерін әрі қарай жалғастыруымыз қажет. Елдің мәңгілігін армандаудан асқан қандай асқақ идея болмақ. Әрбір жеке адамның ғұмыры өлшеулі болғанымен, ол ұрпағымен мәңгілік. Сондықтан бұл болашаққа бастайтын, келешекке деген нық сенім қалыптастыратын идея. Сонымен бірге қазақ елі - мәңгілік деу ұрпақтар алмасуына, олардың сабақтастығына, солармен бірге халықтың табиғи құндылықтарының жасампаздығына деген сенім.

Елбасының «Қазақстан жолы – 2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауындағы жаңашылдықтың бірі «Мәңгілік Ел» идеясындағы негізгі ұғым «мәңгілік» деген. Мәңгілік не болмақ? Ол неден бастау алмақ?

Мәңгілік сөзінің түбірі «мәңгі» ұғымы. «Мәңгі» – ғарыштық ұғым іспеттес. Біздің түсінік бойынша «Мәңгі» ұғымы негізінен адам оның өмірі философиясымен байланысты болмақ. Естеріңізде болса, Қорқыттың мәңгі өмір іздеп, өлімнен қашуынан аңғаруға болады. Қазақ даналығында: «қайда барсаң да Қорқыттың көрі» деген сөз содан қалған деседі. Сондықтан да

қазақтың «құт» түсінігі негізінде Тәңірінен берілген игілік қайтарымсыз, мәңгілікке болса деген тілек жоғары болған. Түркі кісісінің Тәңірімен бірлігі жойылмаса екен деген тілек сенімнен туындаған. Бірлік мәселесі жаратушы мен жаратылыстың бірлігінде. Дүниенің басты заңдылығы осы. Сонда бұдан шығатын қорытынды мынадай болып отыр. «Мәңгілік елді» – «Құтты ел» –деп өрбітуге болады. Бұл жерде Құтты ел болу осы «Мәңгілік ел» идеясының мазмұны болып табылады.

Қазақ халқы әрқашанда тың идеяларға жаңашыл болған. «Қазақ», «ел», «тәуелсіздік», «еркіндік», «Отан», «Атамекен» деген ұғымдардың өзінде тұнып тұрған идея секілді. Ең бастысы ынтымақтастық пен бірлік идеясы жатқанын бірден аңғаруға болады. Бұл құтты ұғымдар. Елді біріктіруші ұғымдар. Мәселен, «Мәңгілік ел», «Мәңгі Қазақ», «Мәңгілік Тәуелсіздік», «Мәңгілік Отан», «Мәңгілік Атамекен». Негізгі мәселе Мәңгі мен қазақ сөздерін жай сөз тіркесі арқылы емес, ең бастысы шын мәнісінде идея арқылы, одан кейін іс жүзінде ұштастыру мәселесі болып отыр. Мынау әлем кеңістігінде қазақ деген халқымыз, атамекен жеріміз, ана тіліміз, дәстүрге толы мәдениетіміз, мұсылмандық жол дініміз жылдар, ғасырлар бойы мәңгілікке өмір сүрсе деген игі тілектің өзі батыл идея.

Ел ішінде біртұтастылық пен бірлік, татулық пен ынтымақ болмаса, ешқандай да мәңгілік туралы ойлауымыз мүмкін емес. Мәңгілік елдің жасаушылары да, жүзеге асырушылары да біз яғни жас ұрпақ. Сол үшін жастардың көкірегі ояу, көзі ашық болуы тиіс. Сонымен қатар, елдік санасы жоғары ұрпақ өз еліне, жеріне қамқор болып ізгілікті қоғамды құрады.

Мәңгілік Ел идеясын жүзеге асыру құтты қоғам орнату арқылы жүзеге асады. Мәңгілікке бағытталған дүние бірден болмайтыны анық. Ол біртіндеп болатыны белгілі. Мәңгілік Ел құтты қоғам кемелдену мен жетілдіру жолымен жүргізіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ғарифолла Есім. Саяси философия. – Алматы: «Ел-шежіре», - 2006. - 16 б.т.
2. Сапарғалиева С.Ж. Дала өркениеті. Әлеуметтік-философиялық пайымдау. Ақтөбе.-2007.
3. Ғарифолла Есім // Менің датым – сананы тәуелсіз ету... / сұхбат. – 2015.

УДК 02.15.51

ИДЕЯ СОЦИАЛЬНОЙ СПРАВЕДЛИВОСТИ В ПОЛИТИЧЕСКОЙ ТЕОРИИ НОАМ ХОМСКИЙ

Мұрхамбет Сағыныш

mu.kz01@bk.ru

Магистрант 1 курса ОП «Философия и этика»,
ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Аубакиров Е.Н.

Социальная справедливость является одной из базовых социальных ценностей. На любом этапе исторического развития общество весьма чувствительно к данному вопросу. Построение Нового Справедливого Казахстана актуализирует исследование этой проблемы в общетеоретическом и историческом аспектах. Для решения поставленной задачи весьма продуктивным представляется анализ концепций авторитетных философов прошлых десятилетий, чьи идеи до сих пор не потеряли свою ценность и актуальность. Концепт социальной справедливости интерпретируется многими социальными теоретиками, и одним из них является американский лингвист и философ – Ноам Хомский.